

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қазандағы № 1231 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 3 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

2009 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі,

2009 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 7-бабын басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттері арасында білім саласындағы алмасуды одан әрі кеңейту
м а қ с а т ы н д а

Келісімге төмендегі толықтыруды енгізу туралы келісті:

1-бап

1-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Тараптар жыл сайын баламалы негізде білім алушылармен алмасады. Жыл сайын Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысында білім алушылардың саны 3 адамнан аспайды.

Бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алушылардың санын және оларды оқыту мерзімін аумағында оқу орны орналасқан мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес қабылдаушы Тарап а й қ ы н д а й д ы .

Қабылдаушы тарап білім алушыларды оқу үшін және оқу құралдарын пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатады. Жатақханада тұру шығыстары, стипендия төлеу және медициналық көмек көрсету қабылдаушы Тараптың ұлттық заңнамасына с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қазақстандық білім алушылардың екі жаққа көлік шығыстары мен келу визаларын ресімдеу білім алушылардың өз қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Вьетнамдық білім алушылардың екі жаққа көлік шығыстары мен келу визаларын ресімдеу Вьетнамның мемлекеттік бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

Қабылдаушы Тарап білім алушыларды қабылдау мүмкіндігі туралы жыл сайын 28 ақпанға дейін жіберуші Тарапты жазбаша түрде хабардар етеді.

Жіберуші Тарап оқуға жіберілетін үміткерлердің тізімін қабылдаушы Тарапқа 30 с ә у і р г е д е й і н ұ с ы н а д ы .

Қабылдаушы Тарап жыл сайын 30 маусымға дейін үміткерлерді қабылдау туралы хабардар етеді, сондай-ақ оқу орындарының атауын және оқу мерзімін хабарлайды.

Жіберуші Тарап оқу басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын қабылдаушы Тарапқа стипендиаттардың келу уақытын хабарлайды.».

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 9-бабына сәйкес күшіне енеді.

2011 жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, Вьетнам және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Вьетнам Социалистік

Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі, білім саласындағы екі жақты қарым-қатынастарды дамытуға ұмтылысты ескере отырып, тиісті академиялық және білім беру қажеттіліктерін негізге ала отырып, тең әрі өзара тиімді қағидаттарға сәйкес осы Келісімге қол қоюға шешім қабылдай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің білім беру ұйымдары арасындағы қарым-қатынастардың дамуын қолдайды.

Тараптар ынтымақтастықты мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады: техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындары арасында өзара тиімді келісімдер жасасу;

оқу әдебиеттерімен, брошюралармен, мерзімді басылымдармен, компьютерлік бағдарламалармен, фильмдермен және жоғары білім мен ғылыми зерттеулерге байланысты өзге де материалдармен алмасу және оларды ұсыну;

көрмелер, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу; зерттеу бағдарламаларына және жарияланымдарға рұқсат беруді ұйымдастыру;

Тараптар мемлекеттерінің жоғары оқу орындарында білім алатын әкімшілер, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру;

оқушылармен, ғылыми-педагогикалық қызметкерлермен алмасу; ақпараттық технологиялар, компьютерлік білімдер, математика және басқа да салаларда өзара көмек беру.

Білім берудің басқа да салаларындағы ынтымақтастық Тараптардың келісім бойынша анықталады.

2-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде іске асырылады.

Осы Келісімнің ережелері өз мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа

халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

3-бап

Осы Келісімде көзделген іс-шараларды іске асыру Тараптар мемлекеттерінің мүдделі білім беру ұйымдары арасында тікелей шарттар жасасу негізінде жүзеге асырылады, онда олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері айқындалуы тиіс.

4-бап

Осы Келісім шеңберінде іске асырылатын барлық іс-шаралар Қазақстан тарапынан - мүдделі білім беру ұйымдарының бюджеттен тыс қаражатының, Вьетнам - тарапынан мүдделі білім беру ұйымдарының қаржы қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар екі мемлекеттің де азаматтарына білім алушылардың өз қаражаты есебінен жоғары оқу орындарында оқуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

6-бап

Тараптар оқытушылармен академиялық алмасу жолымен Вьетнам Социалистік Республикасының оқу орындарында қазақ тілін және Қазақстан Республикасының оқу орындарында вьетнам тілін үйрену үшін жағдайлар жасауға жәрдемдеседі.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру әрі қолдануға қатысы кез келген даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша Хабарлама алынған күнінен бастап

к ү ш і н е

е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бір де біреуі ағымдағы 5 жыл кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын оның қолданысын ұзартпауға өзінің ниеті туралы жазбаша хабарламаны басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жібермесе, келесі бес жыл кезеңге өздігінен ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату оның қолданысын тоқтату күніне дейін аяқталмаған, оның шеңберінде жүзеге асырылатын жобаларға әсер етпейді.

2009 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ, вьетнам және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндер тең дәлме-дәл болып т а б ы л а д ы .

Осы Келісім ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Вьетнам Социалистік
Республикасының Үкіметі үшін*